

Түйіндеме

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында Сібір, Солтүстік Қазақстанда қоныстандыру саясатының күшеюі аймақтың саяси, ұлттық және қоғамдық құрылымына өзгерістер әкелді. Ауылшаруашылығы, тың жерлерді игеру жергілікті тұрғындардың негізгі кәсібі болатын. Бұл мақала ауыл шаруашылығында жаңа техниканы, ауылшаруашылық еңбек құралдарын пайдаланудың мүмкіндіктерін, нақтылай айтқанда, экономикалық өзгеру мәселелерін қарастырады.

Conclusion

The period of the end of the 19th-first quarter of the 20th century led to the changes of the economical structure of Siberia and Northern Kazakhstan because of the spread of the emigrational policy and changes in the political and social structure. Agriculture, ploughing of virgin lands became the main occupation of not only arrivers but the native inhabitants of those regions. This issue considers one of the main problems of economical restructuring especially the possibilities of using the technical means in agriculture and also the new improved agricultural tools and technique.

Сейденова А.Е.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының магистранты

**ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ КОМПОНЕНТТЕРІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
ЖӘНЕ СЕМАНТИКА - ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Тіл білімінде тұтастықта айтылатын сөйлемдер арасындағы байланыстардың бірнеше түрі көрсетіледі.

Сөйлем ішіндегі, сөйлемдер арасындағы, мәтін құрамындағы компоненттердің арасындағы байланыстың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жерде сөйлем ішіндегі компонент деп отырғанымыз сол сөйлемнің ішкі құрылымдық бірліктері – сөз тіркестері, сөйлем мүшелері, сөйлем компоненттері – құрмалас сөйлемді құраушы жай сөйлемдер; мәтін құрамындағы компоненттер – мәтінді құраушы жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер. Семантикалық байланыс тиянақталған интонациялық жік арқылы ажыратылған, бір-бірімен қатар не алшақ тұрған сөйлемдер арасында да болады. Осыған орай оны Ермакова Т.Н. екіге бөліп қарастырады: ішкі семантикалық байланыстар (сөйлем ішіндегі); сыртқы семантикалық байланыстар (сөйлемдер арасындағы).

Ермакова Т.Н. аталған семантикалық байланыстарды өз ішінде төмендегідей топтарға бөледі: жалғас семантикалық байланыстар (бағына байланысқан синтагмалар арасында); теңдес се-

мантикалық байланыстар (тең дәрежелі синтагмалар арасында); негізгі (орталық) семантикалық байланыстар (қиыса байланысқан синтагмалар арасында); қосалқы семантикалық байланыстар (оқшау сөздер мен сөйлем арасында).

Ішкі семантикалық байланыстардың қандай компоненттерді байланыстыру сипатына қарай I дәрежелі, II дәрежелі байланыс деп бөліп қарауға болады:

I дәрежелі байланыс сема мен семаны, II дәрежелі байланыс сөйлем құрамындағы синтагмаларды (немесе компоненттерді) байланыстырса, сыртқы байланыс мәтін құрамындағы дербес сөйлемдердің арасындағы семантикалық байланыстарды көрсетеді. Семантикалық байланыстың нәтижесінде грамматикалық байланыстар, грамматикалық байланыстың нәтижесінде семантика-грамматикалық (синтаксистік) қатынастар қалыптасады. Тіліміздегі семантикалық байланыстар мен грамматикалық байланыстардың және синтаксистік қатынастардың байланысын төмендегі сызбадан байқауға болады: теңдес семантикалық байланыс -

салалас байланыс – теңдік қатынастар; жалғас семантикалық байланыс – сабақтас байланыс – атрибутивтік, объектілік, адвербиалдық қатынастар; орталық семантикалық байланыс – қиыса байланыс – субъект-предикативтік қатынастар.

Қосалқы байланыс – таза семантикалық байланыс, ол сөйлемдегі өзге сөздермен грамматикалық байланысқа түспейді, сондықтан синтаксистік қатынасқа да түспейді.

Сөйлемнің семантикалық компоненттері субъект, предикат, объект, атрибут, конкретизатор (нақтылауыш) дейтін болсақ, олар іштей бірнеше мағыналық топқа жіктеледі.

Сөйлемнің негізгі семантикалық компоненттері – субъект, предикат, объект, атрибут, конкретизатор (нақтылауыш) дейтін болсақ, олар іштей бірнеше мағыналық топқа жіктеледі. Мысалы, семантикалық субъект мен предикаттың бірнеше түрі бар: сөйлеу субъектісі / предикаты/, ойлау субъектісі / предикаты/, қимыл субъектісі / предикаты/, қозғалыс субъектісі / предикаты/, процесс (үдеріс) субъектісі / предикаты/, сапа субъектісі / предикаты/ және т.б.

Сөйлемнің семантикалық компоненттерінің ішінде маңыздылары – актант-объект, конкретизатор (нақтылауыш) және атрибут. Әдетте синтаксис ғылымы зерттеу объектілеріне қарай сөз және оның формаларының синтаксисі, сөз тіркесі синтаксисі, сөйлем синтаксисі, мәтін синтаксисі сияқты салалардан тұрса, семантикалық синтаксис соның барлық деңгейін қамтиды. Соның ішінде сөйлем семантикасы жай және құрмалас сөйлемге тікелей қатысты. Жай сөйлем семантикасы қандай семантикалық компоненттерден тұрса, құрмалас сөйлем де сондай семантикалық компоненттерден тұрады. Ескеретін мәселе құрмалас сөйлемде ішкі семантикалық компоненттер, қатынастармен бірге компонентаралық семантикалық қатанас та болады. Мысалы: *Мен ойланайын, сондықтан ер-*

тең сағат ондарда кел. Алғашқы компонентте ойлау субъектісі де, предикаты да анық көрініп тұр. Ал екінші компонентте қимыл предикаты көрініп тұр да, қимыл субъектісі жасырын тұр, мұнымен қоса мезгіл нақтылаушысы берілген. Компоненттер арасындағы семантика-грамматикалық қатынас – себеп-салдарлық.

Компоненттер арасындағы функционалдық қатынастар

Құрмалас сөйлемнің мәні оны құрастырушы компоненттердің мәнімен бірдей болмайды.

Т.Н.Ермекова құрмалас сөйлемдер компоненттері арасындағы қатынасты екіге бөліп қарастыруды жөн көреді. Ол байланысушы екі компонент арасында сөйлемде айтылған ой мен оны білдіруші тілдік тәсілдердің қызметі мен мәнінің нәтижесінде пайда болатын қатынастарды функционалдық және семантика-грамматикалық қатынастар деп бөліп алып қарастырады. Екі компонент арасындағы функционалдық қатынастардың нәтижесінде пайда болған құрмаластарды: айқындауыштық қатынастағы құрмаластар (субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластар, атрибутивтік қатынастағы құрмаластар, объектілік қатынастағы құрмаластар); адвербиалдық қатынастағы құрмаластар; теңдік қатынастағы құрмаластар деп жіктейді. Бір кездері қазақ тіл білімінде Н. Сауранбаев топтастыруына негіз болған (А. Байтұрсынов пен Қ. Жұбанов пікірлерімен үндес) бұл бөліністің қолданыстан шығып қалуының басты себебі құрмаластың түрлерін саралауда негізге алынатын ұстанымдардың қалыптаспағанынан деп білеміз. Кезінде М. Балақаев бұл сөйлемдердің дені пысықтауыштық ыңғайда болатынын көрсетсе, Қ. Есенов сабақтастарды, алдымен, қатыстық, адвербиалды және ыңғайлас (соңғы еңбегінде үлестес деп атаған) деп үш топқа жіктеп, әрқайсысының мағыналық топтарын ажыратқан. Бұл жерде құрмаластарды топтастыруда біз ұсынып отырған саралау

жалпы қазақ тіл білімі үшін тосын тұжырым емес екендігіне басым назар аударғымыз келеді. Әр жылдары айтылғанмен, негізгі оқулықтар мен грамматикаларға бұл топтастырудың енбей қалуы «бір ғана ұстанымды негізге алу» үрдісінен туса керек. Ал сөйлем табиғатын жан-жақты ашу үшін оны бір ғана қырынан алып қарастыру, әрине, жеткіліксіз. Құрмаластарды жоғарыдағыдай топтастыруға функционалдық ұстаным негіз болса, семантика-грамматикалық ұстаным нәтижесінде оларды: ыңғайлас мәнді құрмаластар, шарт мәнді құрмаластар, қарсылық мәнді құрмаластар, салыстырма мәнді құрмаластар, мезгіл мәнді құрмаластар, себеп мәнді құрмаластар, амал мәнді құрмаластар, мақсат мәнді құр-маластар, түсіндірмелі қатынастағы құрмаластар, кезектестік және талғау мәнді құрмаластар деп топтастыруға болады. Бұл жерде функционалды грамматиканың «мазмұннан тұлғаға» принципі басшылыққа алынды.

Айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдердің басты ерекшелігі қос компоненттің бірінде айтылған ойдың мәні екінші компонент арқылы айқындалып тұрады, соның нәтижесінде бірі екіншісінің предикаты, атрибуты, объектісі тәрізді жұмсалымдық сапаға ие болады. Осыған орай, айқындауыштық қатынастағы құрмалас сөйлемдерді өз ішінде төмендегіше топтастырамыз:

а) субъект-предикаттық қатынастағы құрмаластар;

ә) атрибутивтік қатынастағы құрмаластар;

б) объектілік қатынастағы құрмаластар.

Субъект-предикаттық қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Субъект-предикаттық қатынас – сөйлемді ұйымдастырушы негізгі синтаксистік амал, ой білдірудің, мазмұнның және тема-ремалық мүшеленудің ұйытқысы. Құрмалас сөйлемдер ком-

поненттері арасында мұндай қатынастың көрініс табуын қазақ тіл білімі үшін тосын жаңалық деп тануға болмайды. Кезінде А. Байтұрсынұлы «бастауыш бағыныңқылы», Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаевтар «баяндауыш бағыныңқылы» деп таныған құрмалас сөйлемдер бүгінгі тіліміз үшін де жат құбылыс емес. Аталған құрылымның түркі тілдері грамматикаларына (мысалы, өзбек, ұйғыр тілі синтаксисіне арналған зерттеулерде) бастауыш бағыныңқы, баяндауыш бағыныңқы деген атаумен енгендігі белгілі. Аталған қатынастағы сөйлемдер өзіндік құрылымдарға ие.

1.а) *Кім сүйіспеншілікпен жұмыс істесе, сол кез келген жұмысқа поэзия ендіреді (Н.Г. Чернышевский). Кім тер төксе, сол алады. ә) Әйелдер қызық: мықты жігіттің бойынан осалдық, осал жігіттің бойынан мықтылық іздейді. (Қ. Мырза Әли).т.б.*

2.Екінші компонент бірінші компонентте айтылған қимыл-процесті (үдерісті) дамыта түседі, не жоққа шығарады. Сөйтіп екінші компонент алғашқы компоненттегі ойдың предикаты секілді қатынаста тұрады:

а) *Егер сіз келісім берсеңіз, (мен қайтер едім?) мен адал жар болуға серт берер едім (К. Сегізбаев).*

ә) *Ханнан қырық туганша, (кім тусайшы?) қарадан бір-ақ тусайшы (Махамбет).т.б.*

Атрибутивтік қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Құрмалас сөйлемдер компоненттерінің бірінші компоненті оқиға, құбылысты жалпылау мәнінде хабарлайды да, кейінгі компоненттер оны айқындап, нақтылап, суреттеп хабарлайды, соның нәтижесінде компоненттер арасында атрибутивтік қатынас түзіледі. *Өзі қандай көрікті болса, сөзі де сондай келісті. Қандай жүрек десеңші: адам тұрмақ жәндікті ренжітуге батпайтын жұмсақ еді («Қазақ әдебиеті»).*

Объектілік қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Объектілік қатынастағы құрмалас сөйлемдердің ішінде салалас түрі қазақ тіл білімінде айтылып жүр. Бұларда құрмалас сөйлемнің екінші бөлігі алғашқысына объект болып табылатын заттың қимылын, әрекетін білдіреді. Объектіні білдіретін компонент постпозициялық күйде болады.

Мысалы: *Бастарын көтеріп алғанда көрді: оң жақтан шалдың қойы құлап келеді екен (А.Нұрманов). Әсет енді ғана байқады: сонау бұрышта тығылып қана Бәзікен отыр екен (С. Мұратбеков).*

Адвербиалдық (пысықтауыштық) қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Қазақ тіл білімінде құрмаластарды жіктеуде пысықтауыш бағыныңқылардың бар екендігі бұрын да, қазір де мойындалған, бірақ аталған қатынасты тек сабақтастарға ғана телу мәселесі ойлануды қажет етеді. Төмендегі салаластардың да адвербиалдық қатынасқа құрылғандығына дау жоқ: *Биылғы күз тым жауынды болды, шаруалар шөптерін де мезгілінде жиып ала алмады. Қоңыз інді терең қазады, өйткені қыстың ызғары өтпейді (С. Мұқанов).*

Адвербиалдық қатынастың негізінде құрмаластың төмендегідей мағыналық түрлері жасалады: а) 1) Мезгіл мәнді құрмаластар: *Кәлен суық қабақ астынан шанышыла қарап еді (қашан?), осы кезге дейін безектеп болмай отырған Жамал жым болды (Ә. Нұрпейісов).* Себеп мәнді құрмаластар: *Сүйегі пысық жылқы еді (неліктен?), сондықтан қамшы салдырған жоқ (С. Мұқанов).* Әңгімемен көмір көбірек салынып кетсе керек (неліктен?), тозған арба жегізер таяқ. *Жоқ-ау мүлде, келін түсіріп, құдағилы болған жалғыз сендей-ақ, әбігерімізді алдың (Қ. Мұхамеджанов).* 4) Мақсат мәнді құрмаластар: *Оспан жұмыс басына бармақшы болып, Әйгерім мен Ерболды үйден ерте шығарды (М. Әуезов).* Шынымен жаны ашитын-ашымайтыны көрінер, тап қазір тоқ соққандай гүрс етіп құлайын (Қ. Тоқмырзақұлы).

Теңдік қатынастағы құрмалас сөйлемдер

Теңдік қатынастағы құрмалас сөйлемдерде, алдымен, компоненттердің мағыналық жақтан теңдігі ескеріледі. Бірде іргелес салалас, бірде жалғаулықсыз салалас, бірде үлестес сабақтас деп берілетін сөйлемдердің айтылғалы отырған теңдік қатынастағы құрмаластарға қатысы болғанымен, бірқатар ерекшелітері де бар. Алдымен, теңдік қатынастағы сөйлемдерге баяндауыш тұлғасының, байланыстырушы тұлғалардың қатысы жоқ. Бұл жердегі теңдік қатынас – мағыналық теңдік турасында болмақ. Құрмаластың бұл түрінде компоненттер бір-бірімен атрибутивтік, объектілік, адвербиалдық қатынасқа түспейді, керісінше әр компонент мағыналық дербестігін сақтап, әр компонентте дербес ой айтылады. Көбінесе айтылған ой бір-бірімен қанаттас, мезгілдес, кезектес, қатар орындалып жатады. Мысалы: *Ұлбике бәйбішелік түрмен қымыз сапырып, Берен еркектерден бөлегірек сонымен қатар отыр еді (Б. Майлин). Олардың бірі етіктерін киіп, бірі етіктерін шұлғауланып жатқан (С. Жүнісов).*

Тіліміздегі теңдік қатынастағы құрмаластардың құрылымдық ерекшеліктері, негізінен, төмендегідей:

1) Антитеза немесе аналогия ретінде алынған екі түрлі субъектінің іс-әрекет, жай-күйі салыстырыла беріледі: *Жақсының сөзі майдадай, жаманның сөзі найзадай (Қашаған Күржіманұлы). Жақсы байқап сөйлер, жаман шайқап сөйлер (Мақал).*

2) Компоненттерінде екі түрлі ойдың салыстырыла берілуі (синтаксистік параллелизм). *Ерлік – елдің қасиеті болса, жүректілік – жігіттіктің қасиеті (Б. Момышұлы).*

3) Қайталаулар: *Жақсы сөзді ел жаттар, ел жаттар сөзде салмақ бар (Мақал). Айсыз түндей надан жаман, Ақылсыз болса, балаң жаман (Досбол би).*

4) Ортақ сөздің немесе лексикалық корреляттардың болуы: *Жәуіктің ойы біресе бұлттан шыққан қырандай жарқ етіп бой тасалайды, біресе ол құйылып алдына келеді (Х. Ергалиев). Тұз – астың төресі, онсыз ет те, нан да дәмсіз («Парасат»).*

Кейде бұл амал-тәсілдер бір сөйлемде қабаттаса да қолданылады: *Шын жақсыда тарлық жоқ,, Әділ сөзде зорлық жоқ.* Бұл сөйлемде салыстыру да, синоним де, қайталау да кездеседі. Жалпы теңдік қатынастағы құрмаластар мазмұны жағынан бір-бірімен тең түсетін екі синтаксистік параллельден түзілед

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ермекова Т.Н. Компоненттер құрылысының құрмалас сөйлемнің грамматикалық-семантикалық сипатына қатысы. Алматы, 2007.
2. Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Алматы, 1995.
3. Жакупов Ж. Қазақ тілі функционалдық синтаксисі (контекст проблемасы) Филол ғыл. д-ры дис. Алматы, 1999.
4. Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер. Алматы, 1992.
5. Балақаев М. Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. Алматы, 2003.
6. Жақыпов Ж. Қосымша (жартылай) предикативтілік туралы. Қазақ тіл біліміндегі функционалдық бағыт. Алматы, 2006.
7. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
8. Сағындықұлы Б. Тең дәрежелік қатынастағы бірліктер: Филол. ғыл. д-ры дис. автореф. Алматы, 2004.
9. Серғалиев М. Сөйлемдердің синонимикасы. Синтаксистік зерттеулер. Алматы, 2004.
10. Есенов Х.М. Қазіргі қазақ тіліндегі синтаксистік қатынастар. Методикалық нұсқау. Педагогикалық институттары мен университеттердің филология факультетінің студенттеріне арналған. Алматы, 1985.

Резюме

В казахском языке раздел синтаксис исследовался очень давно. До Октябрьской революции среди тюркологов грамматику казахского языка, а именно раздел синтаксис исследовал ученный П.М.Мелиранский. Исследование П.М.Мелиранского стали основным направлением для следующих ученых как А.Байтурсынов, К.Жұбанов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев, М.Балакаев, Р.Амирову. И в наши дни эти исследования являются очень важными.

Conclusion

Complex sentences have been investigated by many scientists. Complex sentences can be divided into a few groups. Ermekova T.N. divides complex and compound sentences as well as semantic relations between them into several groups. All the groups are considered in the presented article. Two functional relations of complex and compound sentences, mentioned by Ermekova T.N., are also shown below. Subject and predicated, attribute and object relations are revealed in the presented work as well.